

ӘОЖ 347.965

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ АДВОКАТТАРДЫҢ РӨЛІ

Рустемова Маржан Еркінқызы
marzhanrustemova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті, «Құқықтану» мамандығының 2 курс студенті, Нұр – Сұлтан қаласы
Ғылыми жетекшісі - з.ғ.к., доцент Ашимова Э.А.

Қазақстан Республикасы Конституциясының I бөлім «Жалпы ережелер» 1 бабының 1 тармағында көрсетілгендей «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары»[1].

Кез-келген адам қоғам немесе жеке адамдарға қарсы келтірілген ауыр зардаптар туралы теледидар қарап, газет және ғаламтордағы мақалаларды оқығанда бірнеше сұрақтар туындауы заңдылық. Олардың ең алғаш ойларына келетіні кімнің осы жағдайларға кінәлі екендігі және оның қаншалықты қатаң жазаға тартылатындығы. Мәселен мынадай сұрақтар: «Бұндай адамды қалай қорғауға болады?», «Қалайша бұл адамды адвокат қорғауда?». Міне, осы тұста адамдар кез-келген азаматтың заң алдында құқықтарының тең екендігін, қорғалуға құқығы бар екендігін және ол азаматтың құқығына нұқсан келтіріп тұрғанын ұмытады. Яғни, Қазақстан Республикасы Конституциясының VII бөлім «Соттар және сот төрелігі» 77-баптың 3-тармағының 1 тармақшасында «Адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі»[1]. Осы бапқа сәйкес ол қаншалықты қылмысқа жауапты екені көрініп тұрса да, оның құқығына шектеу қоя алмаймыз. Бұл қағиданы ең алдымен адвокат өзінің моральдық принциптеріне қарамастан ұстануы қажет.

Мораль (лат.moralis-әдет-ғұрып) – адамдардың өзара және қоғаммен қатынастарын, өздерін ұстауын реттеп отыратын қоғамдық сананың формасы. Мораль, әдетте, өзінің реттеуші функциясын бірінші кезекте сана арқылы жүзеге асыра отырып, «жазылмаған заң» ретінде әрекет етеді. Адамдардың барлық қарым-қатынасы моральдық бағалануға бейім және оның көмегімен өмірлік тексеруден өтеді. Осылайша, мораль қоғамдағы адамның іс-әрекетін нормативтік реттеудің негізгі тәсілдерінің бірі, қоғамдық сананың ерекше нысаны және қоғамдық қатынастардың түрі болып табылады. Адамгершілік пен мораль арқылы негізгі қоғамдық құндылықтық бағдарлар айқындалған. Адам өз іс-әрекеттерінде моральдық қағидаттарды басшылыққа алады. Оның мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін басқа адамның немесе қоғамның бағалауы моральдық және адамгершілік қағидаттарға сүйене отырып жүргізіледі.

Қазіргі қоғамда қалыптасқан құндылықтардың жалпы жүйесі тұрғысынан құқық мораль талаптарына жауап беруі тиіс. Тең түрде нормативтік-құндылық реттегіш болып табылатын мораль мен құқықтың барлық терең өзара іс - қимылы кезінде, бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетін екі дербес «тәуелсіз» нормативтік жүйені көру қажет.

Құқықтық жүйенің жұмыс істеуінің түпкі мақсаты құқық бұзушылықтарға жол бермеу, ал құқық бұзушылық туындаған жағдайда - кінәлі адамдарды табу және оларды белгілі бір жауапкершілік түріне тарту арқылы ақиқатты анықтау және кінәсіздерді анықтау болып табылады. Алайда заң да, кодекс те адвокатқа да және оның қызметіне белгілі бір шектеу шеңберін қойған.

Адвокаттың моралі оның кәсіби міндеттерімен тығыз байланысты, ол өз кезегінде сенім білдірушіні қорғау. Адвокаттың өз клиентінің мүдделеріне қайшы бағытталған кез келген іс-әрекеттері адвокатура тұрғысынан аморальдік болады.

Қылмыстық процесте адвокаттың қызметі кем дегенде тергеу және анықтау қателерін анықтауға және сенім білдірушінің пайдасына шешілуі мүмкін кез келген сәттерді табуға және тіркеуге бағытталуы тиіс.

Жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және «Адвокаттық қызмет және заң көмегі» заңымен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы адвокат болып табылады[8].

Қазіргі уақытта айыпталушының ісін заңды түрде қорғаудағы адвокаттың іс жүргізу дербестігі туралы теория кеңінен таралуда[3]. Бұл көзқараспен Л. В. Кречетова келіседі, ол былай деп жазады: «Адвокаттың айыпталушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауы - бұл азаматтық іске қарағанда ерекше түрдегі айырмашылық. Қорғаушы айыпталушының өкілі болса да, ол айыпталушы ұсынған барлық ұсыныстарды мүлтіксіз орындауға міндетті екенін білдірмейді... Ол кейбір дәрежеде айыпталушыға қатысты дербес жағдай ұстанады... Қорғаушының айыпталушыға қатысты позициясының дербестігі адвокаттың және айыпталушының түрлі мәселелер бойынша көзқарастарының сәйкес келмеуіне жол бергенімен де, бірақ ол екі тараптың түбегейлі қарсы болуын білдірмейді» [4].

Адвокат қоғам алдында, моральдық және заңды тұрғысынан кінәлі емес деп атай алмайтын адамдарды қорғау қажеттілігі туындаған кезде, көпшілік қауым адвокаттарды айыптайды және оларды осы қорқынышты қылмыстарды жасаған адам ретінде қабылдайды.

Адвокаттар өз ісін моральдық тұрғыда емес, құқық тұрғысынан атқарады, яғни, тек қана заңды ғана дұрыс деп түсінеді.

Соған қарамастан адвокаттардың заң мен ар-ұятының арасында шешім қабылдауға қиналатыны ақиқат. Себебі, Н.Н.Полянский жазғандай мына екі бағытты ғана ұстануға тура келеді: «Айыпталушының кінәсі толығымен дәлелденгенде, ал айыпталушы оны теріске шығарған кезде, адвокатқа екі таңдау ұсынылады- қорғаудан қорғалушы келісімі арқылы бастарту немесе өзінің дербестігін қолдана отырып айыпталушының кінәсін жасырмау»[5]. Егер айыпталушы өз кінәсін мойындамаса, ал адвокаты бұнымен келіспей тек жазаның жеңілдетілуіне ерекше көңіл бөлсе, ол оның сот алдында айыпталушының кінәсін мойындағаны. И.Резниченко бұл тұрғыда мынадай ой білдірді: «Бұл жағдайда адвокаттың

жаза жеңілдетілуіне аса қатты назар аударуы қорғаушылық емес, айыптаушылық тарапты ұстанғандығынын белгісі: Қорғалушы кінәсін мойындамайды, адвокат кінәні жоққа шығарудың орнына келіседі; қорғалушы ақталғаны туралы үкім сұрайды, ал адвокат-жазалау туралы»[6]. Әрине, бұл заң бойынша және адвокат этикасына сай дұрыс емес.

Бірақ адвокаттың кісі өлтірушіні, террористті, педофилді қорғауы дұрыс па? Мысалы, адвокат өз қамқорлығына алған адамның қылмысына толықтай көз жеткізді. Соған қарамастан азаматтың кінәсін жоққа шығаратын айғақтарды іздеуі өзінің моральдық қағидаларына қарама-қайшы емес пе? Бұл мемлекеттің адвокаттарға жүктеген ауыр міндеті. Бұл мәселелерді шешуді мына жағдаймен байланыстырсақ. Адвокат өзінің қамқорлығындағы адам туралы мәліметтерді соттың әділ үкімі шығуы үшін мемлекеттік органдарға көмек береді. Адвокаттың бұл әрекеті адами моральдық тұрғысынан дұрыс, ал заң тұрғысынан бұл заңға қайшы келу болып табылады. Осы орайда А.Ф. Конидің ой-пікірін келтірер болсам: «Адвокатқа жан құпиялары ашылады, оған өзінің кінәсіздігін түсіндіруге немесе өзінің құлауын және басқалардан бой тасалайтын өзінің жеке өмірі мен отбасылық тұрмысының егжей-тегжейлерімен түсіндіруге тырысады, оларға қатысты соқыр Фемида керең болуы тиіс»[7]. Осындай ақпараттың игі мақсаттармен болса да таралуына жол жоқ.

Адвокат күдіктінің келісімі арқылы кінәні мойындау туралы екінші тарап, яғни прокурормен тиімді мәмілеге келе алады. Кінәні мойындау туралы келісімдер жасалған кезде айыптау туралы келісім (жиі ауыр айыптаумен), жаза тағайындау туралы келісім (аз ұсыныспен) немесе екеуі де ретінде сипатталуы мүмкін.

Ал, адвокаттардың пайда көп тапқандықтан шындықты жасыра ма деген сұраққа жауап берер болсам. Айыпталушының адвокат ақысын өтей алмайтын кезінде Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңының 1-тарау негізгі ережелер, мемлекет кепілдік берген заң көмегі аталатын 18 бапта көрсетілгендей: «Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген негізде және тәртіппен заң көмегін алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға тегін негізде көрсетілетін заң көмегі деп мемлекет кепілдік беретін заң көмегі танылады»[8]. Сотталушының адвокатқа төлеу мүмкіндігі болмаған жағдайларда, заң оған осы бапқа сәйкес қорғаушысыз қалмайтынына кепілдік береді. Бұл жағдайда адвокаттың көмегі тегін көрсетіледі. Және ең қызықтысы, мұндай «керемет ұсыныстан» адвокаттардың жалтаруға құқы жоқ. Бұл жағдайда адвокат не істеуі керек? Мұндай жағдайларда адвокаттардың көп мөлшерде алатын гонорарлары туралы барлық мифтер түтін сияқты жоқ болып кетеді.

Сонымен қатар, адвокаттардың күдікті немесе сезітіні тергеу барысында анықталған мән-жайлардың растығына, оның шын мәнінде кәнілі екендігіне де көз жеткізуі қажет. Ол клиенттің шын жүректі мойындауы нәтижесінде немесе анықталған дәлелдемелерге сай болуы мүмкін. Адвокат осы тұрғыда да кінәлі немесе жазықсыз екендігін толыққанды шешпеуі тиіс. Жоғарыда көрсетілгендей кісі өлтіруші немесе зорлаушы т.б. айып тағылған айыпталушыға сену керектігін әр адвокат өзі шешеді.

Қазіргі таңда белгілі болғандай, заңгердің кәсіби моралінің нормалары-бұл әрдайым заңды түрде көрсетілген емес, заң ортасында қабылданған және қоғамдық пікірдің күшімен, кәсіби ұйымдармен қолдау көрсетілетін моральдық талаптар [9]. Заңгердің басшылыққа алатын негізгі нормалары ретінде: адалдық, әділдік, жауапкершілік, заңның үстемдігін алға тартуы, гуманизм, шыдамдылық, адамгершілік, борыш, абырой, ар-намыс, ар-ождан т.б. айтуға болады. Ол өз іс-әрекетінің заңдылығына, әділдігіне қоғам, мемлекет, халық және өзінің ар ожданы алдында жауап береді. Ар-ождан сезімі адвокатты аморальды әрекеттерден қорғайды, жауапкершілік сезімін дамытады. Ар-ожданның мәні әсіресе адамның адамгершілік таңдаудың алдында тұрған кезде, ал қоғам тарапынан сыртқы қысымның көрсетілген жағдайында көмек береді. Ар-ождан адамның мінез-құлқының ішкі реттеушісі болып табылады. Ар-ождан адамның мінез-құлқына әсер етудің неғұрлым тиімді құралы.

Кез-келген адвокат өзінің қорғау функцияларын орындай отырып, өзінің клиентін қолдамайды, ол тек әділдік таразысында белгілі бір рөлді атқарады, ол тек

прокурордың, яғни, тек айыптаушы тараптың ғана болмауын қамтамасыз етеді. Себебі, тепе-теңдікке тек прокурордың қатысуымен ғана қол жеткізу мүмкін емес. Егер айыптаушы болса, онда қорғаушы да болуы керек. Ең бастысы, адвокат қорғалушыны қорғап қана қоймай, ол заңға сәйкес қорғалушыға берілген құқықтарға нұқсан келтірілмеуін, барлығы заңды түрде өтуін қадағалауы. Ал қандай жаза қолданылатынын сот үкімі шешеді. Егер қылмыс жасалса, онда жаза да соған лайық болуы керек. Шарль Луи Монтескье бірнеше ғасырлар бұрын айтқан: «Кез-келген заңсыздыққа назар аударыңыздар, сонда сіздер олардың көп болу себебі жазаның ауырлығынан емес, қылмыстың жазаланбауынан екенін көресіздер...».

Жоғарыда келтірілгендерді қорытындылайтын болсам, адвокаттар туралы аспекті ретінде олардың өз ісін жоғары деңгейде орындайтын кәсіби маман екенін алға тартамын. Адвокат қызметінің моральдық аспектілері ретінде, сенім білдірушіні қорғау туралы міндетті алу арқылы, адвокаттың тек қорғалушының пайдасына, мүддесіне сай жұмыс істеуін және өзінің моральдық нормаларынан заңды бірінші орынға қоюын түсінемін. Адвокат қызметінің адамгершілік аспектісімен қорытынды жасай отырып, оның кәсіби міндеттерін сапалы орындауын айтуға болады.

Қылмыстық іске араласқаннан кейін адвокат өзінің қорғау жоспарларын құрып, содан кейін тергеу процесінің кез келген сатысынан тыс қалмауға тырысады. Адвокат өзінен көмек сұрап келген адамдарға заң көмегін көрсетіп, құқығын қалпына келтіруі тиіс. Осындай міндеттерін орындауға өз жоспарын қолданады. Адвокаттың қорғау жоспары жәй, күрделі, қысқа, ұзақ болуы мүмкін. Адвокат алдын ала тергеу сатысында айып тағылған, не адам сезікті деп танылған кезден бастап іске қатысуға жіберіледі.

Қылмыстық істі тергеуде іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асырудың заңды негізі қылмыстық істі қозғау сатысы болып танылады. Заңда көрсетілген тергеу және сот әрекеттерін қылмыстық іс қозғағаннан кейін жүзеге асырылады. Яғни алдын ала тергеу әрекеті қылмыстық іс қозғау туралы қаулы шығарылғаннан кейін ғана жүргізіледі. Қылмыстық іс қозғау қаулысы шығарылғаннан кейін адвокаттың негізгі міндеті туындайды, мысалы, кінәсі жоқ адамды жауапқа тартудан алдын алу керек. Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін прокурор алдын ала тергеу және сот органдары белгілі құқықтар мен міндеттерге ие болады. Мысалы, тергеуші прокурордың санкциясымен нақты істі қарайды және азаматтарға процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолданады. Мысалы, тінту, алу, куәлерден жауап алады, қылмыстық істің болған жерлерді қарайды, сонымен қатар басқа да тергеу әрекеттерін жүзеге асырады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж 30 тамыз. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>.
3. Горский Г.Ф., Кокорев Л.Д., Котов Д.П. Судебная этика. Воронеж, 1973. С.164;
4. Кречатова Л.В. Защитник в уголовном процессе. Оренбург, 2000. С. 51-52.
5. Полянский Н.Н. Правда и ложь в уголовной защите. С. 25-26.
6. Резниченко И. Защита клиента, не признающего свою вину// Российская юстиция. 2001. №9. С.54.
7. Кони А. Ф. Нравственное начало в уголовном процессе: Собр. соч. Т. 4. М., 1967. С. 54.
8. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ. Қазақстан Республикасы Заңы.
9. Халиуллина В. П. Профессиональная этика юриста. М.: изд-во Российского университета Дружбы народов, 2004ж.